

"Инвестициялық өтінімге сараптама ұйымдастыру мен оны жүргізудің тәртібі туралы ережені" бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Төрағасының 1997 жылғы 8 сәуірдегі N 12 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 15 қазанда тіркелді. Тіркеу N 392. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының , "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысының қабылдануымен байланысты, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Инвестициялар мәселелері жөніндегі мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

5) "Инвестициялық өтінімге сараптама ұйымдастыру мен оны жүргізудің тәртібі туралы" ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 17 сәуірдегі N 12 қаулысы (1997 жылғы 15 қазан N 392)....

Т ө р а ғ а

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Инвестициялық өтінімге сараптама ұйымдастыру мен оны жүргізудің тәртібі туралы ереже бекітілсін.

Төраға

Қ а з а қ с т а н

И н в е с т и ц и я л а р

Р е с п у б л и к а с ы

ж ө н і н д е г і

мемлекеттік

комитетінің

1997

жылғы

8

сәуірдегі

№ 12 қаулысымен бекітілген

Инвестициялық өтінімге сараптама ұйымдастыру мен оны жүргізудің тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

Осы Ереже "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңының 12-бабының негізінде әзірленді және инвестициялық өтінімге сараптама ұйымдастыру мен оны жүргізудің тәртібін (бұдан әрі - өтінім) айқындайды.

2. Өтінімге сараптаманың негізгі міндеттері

Сараптаманың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- өтінімнің тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкестігін айқындау;
- инвестордың қаржылық, техникалық және ұйымдық мүмкіндігін тексеру;
- жобаның жеңілдіктер мен преференцияларды берудің негізгі өлшемдеріне сәйкестігін айқындау;
- өтінімді сұралатын жеңілдіктер мен преференциялардың құрамы мен мөлшерінде талдау.

3. Өтінімге сараптама ұйымдастыру мен оны жүргізудің тәртібі

3.1. Әкімшілік, тексеру және бақылау дирекциясы тіркеу күнінен бастап 30 күннен аспайтын мерзімде өтінімнің Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкестігіне сараптама жүргізеді және инвестордың қаржылық, техникалық және ұйымдық мүмкіндігін айқындайды.

3.2. Әкімшілік, тіркеу және бақылау дирекциясы инвестордың таңдап алған инвестициялық қызметі түрінің экономиканың басым секторларының тізбесіне және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған тікелей отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін мейлінше маңызды өндірістердің тізіміне сәйкестігін айқындайды.

3.3. Инвестицияларды көлеміне қарай инвестор аталған әкімшілік, тіркеу және бақылау дирекциясына, "Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің инвестициялық өтінім мен келісім-шартқа сараптама ұйымдастыру және оны жүргізуі бойынша шығындарын өтеудің тәртібі туралы" нұсқаулыққа сәйкес өтінімге және инвестициялық келісім-шартқа сараптама жүргізгені үшін Комитеттің арнаулы шотына кепіл сома төлейді.

3.4. Әкімшілік, тіркеу және бақылау дирекциясы қажет болғанда "Өтінімдерге сараптама жүргізу және келісім-шарттарды әзірлеу үшін мемлекеттік

органдардың мамандарын, кеңесшілерді, консультанттар мен сарапшыларды тартудың тәртібі туралы" ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының және өзге де мемлекеттердің жеке адамдарының арасынан тиісті мамандарды тартады.

3.5. Инвестордың қаржылық мүмкіндігін тексеру соңғы үш жылдағы баланстың тапсырылған аудиттелген қаржылық көрсеткіштерін талдау жолымен не инвестордың қаржылық мүмкіндігін растайтын басқа да құжаттарымен жүргізіледі.

3.6. Әкімшілік, тіркеу және бақылау дирекциясы қажетті келісуші және рұқсат етуші құжаттардың, лицензиялардың, визалар мен басқа да құжаттардың тізбесін айқындайды, кейін ол жарнама және үйлестіру дирекциясына беріледі.

3.7. Зерттеу, жоспарлау және ақпарат дирекциясы дәл сол мерзімдерде нысананың ынталандыру шарасының негізгі өлшемдеріне сәйкестігіне талдау мен сұралатын жеңілдіктер мен преференциялардың құрылымы мен мөлшеріне арналған өтінімге талдау жүргізеді. Талдаудың нәтижесі Әкімшілік, тіркеу және бақылау дирекциясына беріледі.

3.8. Әкімшілік, тіркеу және бақылау дирекциясы өтінімнің сараптамасы оң нәтижелі болған жағдайда қорытынды әзірлейді және өтінімді барлық берілген құжаттарымен Жобаларды бағалау және келіссөздер жүргізу дирекциясына жібереді.

3.9. Өтінімнің сараптамасы теріс нәтижелі болған жағдайда Комитет бас тартудың себептерін көрсете отырып инвесторға бұл туралы жазбаша түрде хабарлайды, сөйтіп инвестициялық келісім-шартты сараптауға көзделген кепіл соманың пайдаланылмаған бөлігін қайтарады.